

Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 317 "Жеңілдіктер беру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі N 376 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылдың 27 шілдеде N 3224 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы № 152 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 14.08.2013 № 152 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247, 2007 жылғы 20.05. редакциясы, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына сәйкес **облыстық мәслихат**

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Облыстық мәслихаттың Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 25 желтоқсанда тіркелген 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 317 "Жеңілдіктер беру туралы" шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеңілдіктер беру туралы" шешімнің 1 тармағында, шешімнің қосымшасының атауында және 1 тармағында "ішкі істер органдарының қызметкерлеріне", деген сөздерінен кейін "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен наградталған тұлғаларға, сондай-ақ, бұрынғы КСР Одағының үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес алыс шетел мемлекеттері аумағында ұрыс қимылдарына қатысқан Совет Армиясының әскери қызметшілеріне" деген сөздерімен **толықтырылсын.**

2. Осы шешім Ақтөбе облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң*

х а т ш ы с ы

